

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Ералина Жанерке Ералықызы

eralina_z@mail.ru

ЕҰУ-дің Журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты, Астана
Қазақстан

Ғылыми жетекші – С.Е.Тапанова

Кез келген елдің ойының, көркем сөзінің тәуелсіздігі алдымен әдебиетінен көрінеді. Соның ішінде сатира жанры рух тәуелсіздігін танытатыны белгілі. Ғалымдар сатиралық жанрларды мынадай екі салаға топтастырып қарастырып жүр: сатираның поэзиялық жанрларына: мысал, эпиграмма, пародия, сықақ, өлең, шарж, карикатураны жатқызса, сатираның прозалық жанрларына: фельетон, памфлет, сатиралық әңгіме, юморлық әңгіме, сатиралық повесть, сатиралық роман топтастырады.

Сатираның өзіндік табиғаты жағынан әдебиеттегі жанр ұғымынан әлдеқайда аясы кең екендігі туралы таным бар. Бұл бағыттағы ғалымдар сатираның жеке жанр бола алмайтынын, оның тәсіл, стиль сондықтан барлық жанрларда көрініс табатын көркемдік құбылыс екендігін айтады. Сатира тұтас күлкі мәдениетінің феномені ретінде қарастырылады: «Мәдени-философиялық сөздікте» сатираға мынандай қысқаша анықтама берілген: «Сатира (лат. Satira - қосынды) – болмыстағы жарамсыз құбылыстарды сықақ етіп, әшкерелеп көрсету және сол жанрда жазылған шығарма. Сатира алғашқыда антик дәуіріндегі халықтық «күлкі мәдениетінің» шеңберінде дүниеге келген»[1,228-б]. Сатиралық сынау, сатиралық әжуаның бастауы халықтық күлкіге барып ұласады.

Сатира мен юмор – халық мәдениетінің көрінісі. Әр дәуір, әр кезең өз күлкісін, сатирасын тудырып отырған. Ал қазақтың сатирасы да әр жанрда көрініс тапқаны әдебиеттану тарихынан белгілі. Сатиралық жанр фольклорда, ауыз әдебиетінде, кейінгі ғасырлардағы әдебиетте дәстүрлі жалғасын тауып келіп, әсіресе әдебиет классиктерінің шығармаларында айырықша көрініс тапқан. Сатира ең алдымен поэзиялық жанр ретінде әлемдік әдебиет тарихында белгілі. Сондықтан XX ғасырдың аяғы мен XIX ғасыр басындағы поэзиялық сатираның тақырыптық-жанрлық ерекшелігіне келетін болсақ, бұл бағытта қазақ сатирасы аса қарқынды дамыды. Тақырып аясы да кең, жанрлық ізденіс те мол. Сатираның басты табиғаты адамзат қоғамындағы түрлі құбылыстарды сынға алу. Бұл аса биік танымдағы мақсат. Қалай адамзат қоғамын, оның ішіндегі адамның бойындағы кемшіліктерді жоямын деген мәңгілік арманның көрінісі.

«Қазақ әдебиеті», «Жас алаш» басылымдарындағы сатиралық шығармаларға назар аудару барысында ақын-жазушылар Мыңбай Рәш, Оспанхан Әубәкіров, Үмбетбай Уайдин, Ғаббас Қабышұлы, Қажытай Ілиясұлы, Көпен Әмірбек, Толымбек Әлімбекұлының сатирасы шын мәнінде жанрлық жағынан да, тақырыптық жағынан да кең арналы екеніне көзіміз жетті.

Сатираның поэзиялық жанрлары: мысал, эпиграмма, пародия, сықақ, өлең, шарж, карикатура.

Мысал – тұспалмен, ишарамен айтылатын жанр. Мұндағы ой астармен, жұмбақпен беріледі. Мысалдың басқа жанрлардан, мысалы ертегіден ерекшелігі оған адам қатыспайды. Мысал жанрына аң, құс, өсімдік бейнесі алынады. Әдебиетті оқу бағдарламасында мысал жанрын оқыту көбіне бастауыш буындарында беріледі. Мысал жанры сонау Эзоп заманынан бастау ала отырып, қазақ топырағында да дамыған. Жазба әдебиетінен бұрын қазақ ауыз әдебиетінде де осы жанрдың элементтері кездесіп отырған. Ақын-жыршылардан бастап, мысал жанрына ықылас білдірген әдебиет өкілдері мол болған. Мәселен, А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, Д.Бабатайұлы, А.Байтұрсынов, С.Дөнентаев, С.Көбеев секілді қаламгерлер өздерінің төл шығармалары мен аударма мұраларында мысал жанрына ерекше көңіл бөлген. Зерттеуші М.Әуезов: «Тегінде, қазақ әдебиеті тарихына Крылов мысалдары жалғыз Абайдың

аудармасынан емес, одан бұрын да кіре бастаған. Бұл және де бір Крылов емес, орыс көркем әдебиетінің өлең сөз, кара сөздегі әр алуан үлгісін өз жазған оқу кітабына кіргізіп, алғаш аударған Ыбырай Алтынсарин болатын. Абай Алтынсариннің еңбегін жақсы білген де, зор бағалаған»[2,243-б], - дейді. Зерттеуші Абайдың Крылов мысалдарынан оның заманындағы әлеуметтік, саясаттық ерекшеліктерінен туған әжуа, сатира жақтарын көп алмай, оның орнына өз оқушысына оңай, ұғымды боларлық мысалдарды алғанын айтады. Мәселен, «Есек пен бұлбұл» мысалында Крылов бір ауыз сөзбен ғибрат айтса, оны Абай төрт жол өлеңмен береді.

Поэзиялық сатираның жанрлық өрісі өте кең. Енді сол поэзиялық сатираның ең қысқа, әрі өткір жанры – *эпиграмма*. Эпиграмма сонымен қатар, әдеби жанр. Бұл жанр ұшқырлығымен ерекшеленеді. Өткір шығарма, көркем шығарма оқырманға бірден жол табары сөзсіз. Эпиграмманың түп атасы эпитафия. Бұдан байқағанымыз, эпитафия тарихта бар, бүгінде жоқ жанр емес екен. Қалай болғанда да сөз өнерінде ол да көрініс тауып келеді. Қазақ әдебиетінде эпиграмманың ерекше түрі бірқақпайлар бар. Бұл ұлттық әдебиетте бар, бастауын ауыз әдебиетінен алады. Бірқақпай айтыста да көрініс бабуы мүмкін. М.Рәштің бірқақпайлары нақтылығымен ерекшеленеді. Қазақ поэзиясында бірқақпай өте дамыған шағын жанр. Ұлттық поэзияның сатиралық жанры десе де болады. Көрнекті ғалым Т.Қожакеев былай деп атап өтеді: «Қазір сатиралық жанрлардың біздегі ең көп жазылып жүргені – осы мысал. Оны аға және орта буын акындар да, жас талапкер де жазады. Қарасөзбен де, өлеңмен де жазады. Сөз жоқ, бұл күнде жанрдың тақырыбы кеңейіп, мазмұны тереңдей түсті. Көп мысалдар іс-тіршілігіміздегі, адам мінезіндегі жағымсыз қылықтарды дәл тауып сынайды. Олар бірде басқаның ісін парықтай білмейтіндер мен өз мінін көрмейтіндерді, ойсыз, көзсіз еліктегіштер мен өзіне өзі сұқтанып тоқмейілситіндерді көрсетсе, енді бірде барқырауық әншілерді, ауырдың үсті, жеңілдің астымен жорғалайтындарды, әлін білмес әлектер мен бастық болса, бастан қиқу кетірмейтін мазасыздарды көлденең тартады. Тағы бірде күштіні көрсе, басы жерге жеткенше иіліп, кіші пейілсі қалатын, ілсізді көрсе, қағып кететін есерсоқтар мен әйтеуір лауазым, кресло тигенге мәз болатын мансапқорларды келеке етеді» [3,45-б]. Қандай да бір көркем шығарманың тақырыптық-жанрлық, тіпті басқа да көркемдік-эстетикалық болмысын зерттегенде аса ыждаһаттылықпен, жауапкершілікпен келу керек екен. Эпиграмма – ерекше жанр. Ерекше жанрда біреуге достық әзіл арнаса, шекесіне «Эпиграмма» деп қоя салатындар бар. Мұндай сауатсыздық жанрды ажырата алмаудан шығады. Эпиграмма белгілі тұлғаларға арналады.

Эпиграмма - грек тілінен аударғанда «тастағы жазу - бұл сипаттаманың, сынау ауқымының, мазақтың шекті тығыздығымен ерекшеленетін сатиралық миниатюра. Ол нақты объектіге, кейбір жағдайда жағымсыз құбылысқа бағытталған.

Эпиграмма карикатураға мәтін ретінде жиі қолданылады. Кезінде пародия дегеннің не екенін бірегей болмысты ғалым Темірбек Қожакеев айтып, жазып, түсіндіріп кеткен болатын. Ол: «Жалпақ тілмен айтқанда, поэзиядағы пародия дегеніміз – шикі, иі қанбаған өлеңге сол өлеңнің ұйқасын да, буын санын да, ырғағын да, шумақ санын да сақтай отырып жазылған сын [3,47-б],-дейді. Пародияның нақты қандай болу керектігіне мысалды «Жас Алаштың» 2013 жылғы 5 наурыздағы №17 (15787) санында бірнеше пародия жанрындағы шығармалардан келтірсек. Авторы Мырзан Кенжебай Серік Қирабаевқа арнаған пародиясын «Өлең емес өлеңге бата беріп» деп ат қойып, былай сынайды:

Болса болды үлкендер сыйға лайық,
Үлкендерді сыйлайық қинамайық.
Ақсақал ма? Ол жағын өзі білер,
Академик, әйтеуір, Қирабаев.

Даусыменен дәрістің қалай сәні
Келетінін шәкірттер әлі айтады.
Робертино Лоретти қартайып кеп,
Шырқап тұр деп ойлайсың «Ямаканы».

Ақсақалдар болса да академик,
Бейнетінің зейнетін жатады еміп.
Қартайғанда бұл ағаң жорға шықты,
Өлең емес өлеңге бата беріп.

«80 жаста Сәкең кең даладай» деп,
Мақтаушыға сенді де баладай кеп.
Жауап-мақтау жазды ол,
Күлдік біз де:
«Взаимно мақтайтын заман-ай» – деп [4].

К.Мырзанның сол кездегі Алматы қаласының әкімі Ахметжан Есімовке жазған «Бір күн жауған қарды бір ай тазалайды» атты пародиясы сәтті шыққан.

«Әкім болған Алматыдай қалаға
Сүтке тойып томпаңдаған бала ма?», –деп қалмаңыз
Сөйлеп кетсе мінберден,
Кейбір сөзі ой салады санаңа.

Таппағасын бар кінәнің иесін,
Жөндесе де жаздай жылу жүйесін,
Үй ішінде ішік киіп мына жұрт
«Тоңып қалдық» – дегеніне күйесің.

Саясаттың сиқыр сырын ұққан боп,
«Тіл заңына» әлі тұмсық сұққан жоқ,
Залда отырған қалың қара қазаққа
Сөз бастайды «қазақстандықтар» деп.

«Көше көк мұз... жүру де бір азап-ақ...»
Деп күңкілдеп қайтесіңдер, мазаны ап,
Ахметжан жүре берсін аман-сау
Бір күн жауған қарды бір ай тазалап[5].

Бұл пародияларда сатиралық, юморлық белгі, қасиет бар, әзіл-қалжың ретінде айтылып, біреуді іліп-шалып, қағытып-мұқататын сыншыл сөз, міншіл пікірлер көп ұшыраспайды. Пародия айналадағы өзің білетін адамыңды ұзақ уақыт байқап-көрудің, зерттеп-білудің нәтижесінде туады. Ол көп ойланып, толғанудың, ақыл-ой, дүниетаным елегінен өткізудің жемісі ретінде көрінеді. Ал әзіл-қалжың түріндегі шымшыма сөз, пікірлер табан астында, күтпеген жерден тілмарлықпен, тапқырлықпен айтала салынады. Олар – бақылап-болжау, үңіліп-ұғынудың жемісі емес, бір нәрсеге адамның аяқ астынан көңіл бөле, ой жүгірте, пікір білдірудің жемісі екені көрініп тұр.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мәдени-философиялық энциклопедиялық сөздік. Ғабитов. Т., Құлсариева А. – Алматы: Раритет, 2004. -320 б.
2. Әуезов М. Шығармалар. Он екінші том. - Алматы: Жазушы, 1969.
3. Қожакеев Т. Сатиралық жанрлар. – Алматы: Мектеп. 1983.
4. Кенжебай М. Өлең емес өлеңге бата беріп. // Жас Алаш. №17 (15787) 5 наурыз. 2013.
5. Кенжебай М. Бір күн жауған қарды бір ай тазалайды. // Жас Алаш №5 (15775) 22 қаңтар, 2013.